

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Аға тәлімгер жолы - ізденіс

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.01.2026СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/186868/

Өндерханқызы Мейрамгүл

«І.Айтықов атындағы орта мектеп — балабақша кешені» КММ

Аға тәлімгері

“Мұғалім - мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес”

Я.А. Коменский

Аға тәлімгер ол кім? Менің түсінігімше, мектептің тәрбие жұмысына үнемі атсалысып, балаларға қамқор болып жүретін, тәрбие мен өнерді үйретуші, үйлестіруші жан.

Аға тәлімгер - «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі, көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушы, лауазымдылық міндеттері бар педагог.

«Тәлімгер» сөзі «жолбасшы» сөзінен шыққан. Таныс емес бағыттармен жүргенде жол сілтеп отырған адамды жолбасшы деп атаған. Осылайша жолбасшы өз қамқорлығындағыларды балалық өмірдің бейтаныс жолдарымен жетелейді. Тәлімгер - балалар бірлестіктерімен жұмыс жасайтын педагог.

Балалар ұйымы - бұл жас ұрпақ тәрбиесінің жалпы жүйесіндегі басқарушы буын. Ол оқушылармен жүргізілетін барлық тәрбие жұмысының орталығы болып табылады. Балалардың қоғамдық ұйымдары - өзін-өзі іске асырудың өте маңызды ортасы.

Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін әрине, алдымен тәлімгердің өзінің жеке басы соған сай болуы тиіс. Бұл тұрғыда белгілі орыс педагогы К.Ушинский былай деген екен: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын баса алмайды» Шындыққа келгенде, аға тәлімгердің өзі өзгеге үлгі боларлықтай болуы қажет деген сөз. Яғни оның бойынан

барлық адамгершілік қасиеттер: мейірімділік, қарапайымдылық, әділдік табылуы тиіс. Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі.

Бүгінгі таңда тәлімгер, мұғалім, тәрбиеші болу оңай емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды.

Қиыны мен қызығы, талабы мен жемісі қатар жүретін өз мамандығымды қатты жақсы көремін. Өйткені, бұл мамандық- менің жүрек қалауым. Сондықтан да мен өз мамандығымды жоғары бағалаймын. менің ойымша тәлімгер мұғалімдерге қарағанда оқушыларға жақын деп ойлаймын. Себебі, түрлі тәрбиелік іс-шараларды өткізе жүріп, олардың бойындағы қасиеттерін танып-біліп, бағалап-ескеріп, жан-дүниесін түсінуге тырысамын. Әр оқушының бойындағы көрінбей жүрген талантын жарыққа шығарып, жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесемін.

Менің негізгі жалпы қасиеттерім

біліктілік – ұйымдастыруды талап етіп отырған істі білу;

белсенділік – тәжірибелік міндеттерді шешу барысында батылдық әрі қайсарлықпен іс-әрекет жасай білу;

қоғамшылдық – басқалармен қарым-қатынаста болуға ашықтық, әңгімелесуге дайын болу, адамдармен байланыста болуға деген қажеттілік;

қайсарлық – жігер күшінің байқалуы, табандылық, істі соңына дейін жеткізе білу қабілеті;

Мен өз мамандығымды жақсы көремін, мен оны мақтан тұтамын. Маған өз мамандығым нені ұнатады? Маған керек нәрсе сияқты. Оқушыларына қажет, оқушылардың ата-аналарына қажет, өйткені олар бізге ең қымбатты — сүйікті балаларын сеніп тапсырды. Баланың мектеп өмірі қаншалықты қызықты болатыны маған байланысты. Ата-аналардың мектеппен байланысы, олар адал серік, пікірлес және көмекші бола алатындығы маған байланысты. Мен ата-анамнан үнемі кеңес сұраудан қорықпаймын. Мен балаларға білім, білік беретін болғандықтан, оларды тәрбиелеймін. Бірақ нәтижеге жету үшін біз әр баланың досы болуымыз керек. Балаларға деген сүйіспеншілік пен сенімге тек қазіргі заманғы тәрбие жұмысының әдістерімен қаруланған кезде ғана жете алмайтындығына сенімдімін. Жанның ауыр жұмысы қажет.

Ең бастысы — әр баланың бойынан бәрімізді бір-бірімізден ерекшелендіретін қайталанбас даралықты көре және бағалай білуге үйрену, оның жеке басының өзін-өзі көрсету еркіндігін қамтамасыз ете білу және бала өзінің жеке басына ие адам екенін түсіну әлем туралы өзіндік идея, өзінің тәжірибесі, оның эмоциясы мен сезімдері.

Маған өз мамандығым нені ұнатады? Маған оқушыларымның маған күн сайын, сағат сайын қажет екендігі ұнайды. Мен өз мамандығымды жақсы көремін, өйткені мен бір

сәтке тоқтауға мүмкіндік бермейтін керемет әлемде өмір сүремін, мұнда бүгінгі күн кешегідей емес, мұнда әр секунд сайын жаңа, ессіз ойын-сауық іздейді. Бізге әрдайым басқалар үшін қызықты болып, үнемі сол қалпында қалу қажет, онда біз мәңгілік қозғалыс машинасы және идеялар мен идеялардың генераторы болуымыз керек. Сондықтан, бұл әлемде ең шыдамды, шынайы, жауапкершілікті, мейірімді, ең қызықты және керемет адамдар ғана үйлеседі! Өйткені, бұл ерекше әлем — бұл балалық шақ әлемі!

Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен, мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Аға тәлімгер баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұшыратын тұлға.

Тәлімгердің басты міндеті- оқушы бойында отаншылдық сезімін ояту болып табылады. Өйткені, біздің елімізге болашақта да адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген таза, елжанды азамат керек.

Самалы бол Отанның салқындаған,

Сандуғаш бол, сайратсын алтын далаң.

Семсері бол Отанның қынабында,

Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған-деп Мұқағали Мақатаев айтқандай қорыта келгенде айтарым, қазіргі заман тәлімгері- заман талабына сай, жан-жақты, білім мен тәрбиені ұштастыра білген, жаңа технологиялармен қаруланған бала жанының бағбаны.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.